

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАР

З.А.Тлеугабылова¹, Н.А.Ештаева²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушылары

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: tleugabylova@mail.ru, eshtaeva.n@gmail.com

Аталмыш мақаланың авторлары бейнематериалдарды шет тілін оқып-үйренудің негізгі бір маңызды тренді ретінде қарайды. Оқытудың техникалық құралдарын сабақ барысында және сабақтан тыс кезде қолданудың маңызы зор. Оқыту тілінде бейнефильмдерді қараушы әуесқойларға арналған клуб үйірмелерін ұйымдастыру. Оқу бағдарламаларына сай келетін фильмдерді жоспарлау, өнегелі және жалпы білім беретін фильмдерді іріктеу маңызды. Сабақ барысында өте пайдалы болатын фильм үзінділерін қолдану. Оларды аудиториядан тыс уақытта да мұғаліммен бейресми әңгіме үшін пайдаланылуға болады. Жазба таспа арқылы қосыла алады. Жазба барысында дыбыстық сигнал (белгі) мұғалімге жаңа кадрға қашан ауысуға болатынын білдіре алады. Дыбыстық белгі проектор немесе слайд-фильмнің үзінділерін белсендіреді немесе көрністі автоматты түрде өзгертуге мүмкіндік береді. Киноплёнка, бұл шын мәнінде үлбір орамындағы фотожиек топтамасы боп табылады. Өз жұмыстары тәжірибесінен авторлар фильммен (көруге дейінгі, көру уақытында және көріп біткеннен соң) әдістемелік жұмысқа ерекше көңіл аударады.

Түйін сөздер: бейнематериалдар, техникалық құралдар, оқу бағдарлама, әдістемелік жұмыс.

З.А.Тлеугабылова¹, Н.А.Ештаева²

ВИДЕОМАТЕРИАЛЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Авторы данной статьи рассматривают видеоматериалы, как один из основных важных трендов в изучении иностранного языка. Использование технических средств обучения во время занятий и вне. Организация клубных кружков для любителей просмотров видеофильмов на языке обучения. Планирование фильмов, соответствующих учебной программе, поучительные фильмы и общеобразовательные. Использование фильмов полос, которые могут быть очень полезны во время занятий. Они могут использоваться также для неформальной беседы с помощью учителя во внеаудиторное время. Могут быть соединены с лентой-записью. Звуковой сигнал при записи позволяет учителю знать, когда перейти к новому кадру. Звуковой сигнал может активировать полосы проектора или слайд-фильма, или изменить картину автоматически. Киноплёнка, по существу это серия фоторамок на рулон пленки. Из опыта своей работы большое внимание авторы уделяют методической работе с фильмом: до его просмотра, во время его просмотра и после его завершения.

Ключевые слова: видеоматериалы, технические средства, планирование фильмов, методическая работа с фильмом.

Zeinegul A. Tleugabylova¹, Nagiya A. Eshtaeva²

VIDEOS IN LEARNING A FOREIGN LANGUAGE

The authors of this article consider the video as one of the main important trends in the study of a foreign language. The use of technical means in the classroom and beyond. The organization of club circles for fans watching a movie on the language of instruction. Planning movies relevant to curriculum, instructive and educational films. Film strips can be very useful. They can be used alone for informal conversation with the aid of the teacher. They can be coupled with a tape-recording. A beep on the recording lets the teacher know when to change to the new frame. The beep may activate the slide projector or film strip projector and change the picture automatically.

The film strip is essentially a series of picture frames on the roll of film. From their experience great attention is paid to methodological work with the film: to view it, while reviewing it and after its completion.

Keywords: video materials, technical means, planning movies, methodological work with the film.

Шет тілін оқудағы ең басты міндеттердің бірі ол сөйлеу мәдениетін дамыту болып табылады. Алайда, осы мәдениетті игеру ауызекі сөйлеудің пайда болу шарттарына байланысты қиын болып келеді. Оқу процесі барысында шет тілінде қарым қатынас жасауға талпыныс жасау үшін сөйлеуші тап болуы мүмкін мен сөйлеуге қажеттілік туатын жағдайды қолдану керек. Сабақ барысында бейне материалды қолдану қатысушыларды әңгімеге, талқылауға және диспут жасауға шақырады. Сондай ақ, қатысушылар шет тіліндегі әңгімені естіп сол елдің тарихымен, мәдениетімен және географиясымен танысады. Оқытудың осы түрін жалпы әдістермен және дидактика принциптарымен қосып оқытуға да болады. Фильмдарды таңдау осы фильм бойынша қойылатын сұрақтармен тапсырмалар сияқты өте маңызды және уақытты талап етеді. Ең алдымен фильм сабақтың тақырыбына сай келуі керек. Бір тақырыпқа берілген шектеулі уақыт ЖОО мұғаліміне кейде бейне фильмды қосымша материал ретінде алуға мүмкіндік бермейді. Осы мәселенің ең дұрыс шешімі ол «Movie Fans» атты үйірменің ашылуы болып табылды. Үш жыл жұмыс істеу барысында үйірме жиырмаға жуық ағылшын тілінде фильмдерді ұсынып, студенттерге көрсетті және әр оқу күнінде ҚазҰУ 1-4 бакалавр курсы студенттерімен жұмыс жасайды. Осы студенттердің барлығын әр түрлі мемлекеттердің кино өнеріне деген қызығушылық, көрген фильмдегі ағылшын тіліндегі ақпаратты талдай алу біліктілігі байланыстырады да біріктіреді. Үйірменің тұрақты қатысушыларынан басқа фильм көруге өз уақытын қызықты да пайдалы өткізгісі келетін және өз құрдастармен пікір алысуға көңілі бар студенттерде келеді.

Клубтың аудиториядан тыс уақытта болуы ағылшын тіліндегі фильмді басынан аяқ көріп бітіруге және де талқылауға мүмкіндік береді. Бейне материалды қарау шет тілін оқу дәрежесіне ықпал жасайды, өйткені тіл коммуникациясының шынайы жағдайын жасайды; шет тілін оқуға деген құштарлықты арттырады; бас кейіпкерлердің жан күйін түсінуге көмектеседі, ауыз екі сөйлеудің барлық жақсы тараптарын ашып көрсетеді; студенттердің өз назарына алмай білімдерін нығайтуға жағдай жасайды.

2014-2015 оқу жылына мысалыға айтатын болсақ келесі көркем фильмдер студенттер назарына ұсынылған болатын: «Елизаветта» - 1998 жылғы Шекхар Капурдың Англия ханшайымы Елизаветта I жайындағы тарихи биографиялық мелодрама. Англия, XVI ғасырының ортасы, патша Генрих VIII кіші қызы Елизаветта I үлкен әпкесі өлімінен соң патша тағының мұрагері болып қалады. Франция, Испания және Рим қауіп төндіріп тұрған саяси жағдайы тұрақсыз да әлсіз Англияны билеу үшін ханшайымға ақыл мен сабырға келу керек болады. Елизаветта түбейгелі саясатқа кірісеп кетеді де ел билеуде ең батыл шешімдерды қабылдайды. Тарих Елизаветта I ханшайымын ең талапты да шыншыл ханшайым етіп есте сақтап қалды [3].

«Патша сөйлейді!» (The King's Speech) фильмінде билеу керек болатын елі үшін өз өзін құрбанға алып келген герцог жайында баяндайды. Әңгіме Ұлыбритания патшасы Герцог VI қазіргі Ұлыбритания патшайымының әкесі жайында болмақ. Сөйлей алмау мәселесіне байланысты патша әрдайым өз ағасының көлеңкесінде қалып жүреді. Ағасы ел билеуден бас тартқан соң Герцог амал жоқ таққа өзі келеді. Ол тіл үйретуші маманының көмегімен сөйлеу мәдениетін игеріп шығады [2].